

ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазір елімізді жарқын келешекке апарар жол ашылды. Отандық білім беру жүйесінде инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізе отырып, 2050 жылға қарай жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға, жиырма бірінші ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуды Елбасымыз мақсат етіп қойды.

Ал ел өндірісінің әр түрлі салалары кәсіби білімді, жоғары білікті маман тапшылығын сезінуде. Сондықтан да бүгінгі еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда кәсіптік білім берудің беделі мен маңызы жоғарылай берері ақиқат. Кәсіптік білім беру саласына әлеуметтік серіктестіктер мен жұмыс берушілерді белсенді жұмылдыру, еліміздің алға қадам басуына үлкен көмегін тигізіп отырғаны сөзсіз.

Жарты ғасырға жуық тарихы бар Атырау мұнай және газ технологиялық колледж ғимараты 1949 жылы салынып, Қазақ ССР Министрлер кеңесінің 1966 ж. 20 маусымындағы №1084-Р бұйрығымен Гурьев қалалық №1 техникалық училище (ГТУ №9) негізінде ашылды. 2012-2013 жылы Атырау мұнай және газ технологиялық колледжі («№4 кәсіптік лицей») кәсіптік білім беру жүйесін дамытуда өзіндік орны бар білім ордасы.

Колледж миссиясы – оқу орнында жүзеге асырылатын іс-қызметтер мен үрдістерді басқаруға жүйелік тұрғыдан қарау арқылы озық технология мен инновацияны меңгерген, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби жұмысшы мамандарды дайындау.

– ақпараттық білім беру жүйесін пайдалану
– дуалдық оқыту жүйесін дамыту;
– мұнай-газ химиясы саласына кадрларды даярлайтын ресурстық орта құру.

Бүгінде колледж – дәнекерлеу ісі, электр газымен дәнекерлеуші, мұнай және газ кен орындарын пайдалану, мұнай және газ өндіру операторы,

механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика, бақылау өлшеу аспаптары және автоматика бойынша слесарі, мұнай және газ скважиналарын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы, бұрғылау қондырғыларының машинисі мамандықтары бойынша кадрлар даярлауда.

Колледжде мамандарды заман талабына сай дайындауға бағытталған технологиялар енгізіліп, кәсіби орта білім беру жүйесінің инновациялық дамуы жолға қойылған. Оқу орнының материалдық-техникалық базасын жаңартуға Республикалық бюджеттен 2014-2015 оқу жылында 25000 млн. тг., 2015-2016 оқу жылында 31712 млн. тг. қаражат бөлініп, аталған мамандықтар бойынша заманауи оқыту құрылғылармен толықтырылды.

Атап айтқанда, мұнай-газ саласы бойынша НФТ-МГПНУ-010-5ЛР-01, НФТ-МШНУ-010-5ЛР-01 гидропоршенді және штангалық насос қондырғыларының оқу моделдерімен, сұйықтың механикасы – гидравликалық соғу МЖ-ТУ-106 ЛР-01 оқу жабдықтарының үлгілік жиынтығымен, сонымен қатар, пісіру және темір жону істері бойынша BRIMA ARC200B пісіру және BRIMA TIG250 аргонды пісіру аппараттарымен, ТСВ01 пісіру тренажерімен, JET GH-2060 ZH



50000831Т темір жону станогымен, ЧПУ компьютерлік жүйедегі токарлық станокпен және УТС4-ЧПУ токарлық және фрезерлық станоктары 3D имитаторлық компьютерлермен, және бақылау-өлшеу автоматика бойынша «Қысым, шығын, қызу, өлшеуіш аппараттары» ИП ДРТ оқу жабдықтарының үлгілік жиынтығымен жабдықталды.

Колледж ұжымы бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында сапалы білім мен саналы тәрбие беруге ерекше көңіл бөледі. Осыған орай оқытушылар құрамы да заманауи талапқа сай. Колледжде 40 – тан астам оқытушы еңбек етеді, олардың көпшілігі тәжірибелі, сондай-ақ магистрлар және жоғары, бірінші санатты ұстаздар. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі ізденуді талап етеді. Колледждің жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен және әлеуметтік серіктес мекемелермен тығыз байланыста жұмыс істеуі-басты және қажетті факторлардың бірі. Оқыту барысында, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін, озық технологиялық, ақпараттық әдістерді пайдалану-маман дайындау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізу, еңбекке орналастыру, арнаулы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің өндірісте тәжірибе алуын жүзеге асыру мақсатында АҚ «АМӨЗ», АҚ «Атырау-Жарық», ЖШС «Жігер Мұнай сервис», (Ақберен), «ҚЭАКҚ» РМК Атырау филиалы, «Каз-ТурбоРемонт» сервистік мекемесі, ЖШС «Таңдай Петролеум», «Атырау Жылу электр орталығы», ЖШС «Адай Петро-

леум», ЖШС «Матен Петролеум», ЖШС «ҚазМұнайГазБұрғылау», ЖШС «Батыс Альянс Строй», Атырау «Нефте Маш», «ЭмбаМұнайГаз» мекемелерімен келісім – шарттар жасалды.

Атырау мұнай және газ технологиялық колледжі түлектері өлкеміздегі мемлекеттік, өндірістерде және басқа да салаларда табысты еңбек етіп, өздерінің біліктілігімен танылуда.

Колледждегі маманды даярлауды ұйымдастыру жүйесінің ерекшелігі білім берумен өндірістік тәжірибе барынша жақындастырылған. Кәсіптік оқытудың дуалды жүйесін енгізу арқылы әлеуметтік әріптестікті дамыту көзделген. Соның дәлелі ретінде, 2015 жылдан бастап ЖШС «АМӨЗ», ЖШС «АтырауНефтеМаш» серіктестіктермен бірлесіп жұмыс жасалуда. Бүгін білім беру мен бизнес мемлекеттік дамуындағы басты компоненті болып отыр. Бүгінгі таңда дуалды оқыту жүйесі-әлемдегі кәсіби – техникалық мамандар даярлаудың тиімді жолы. Өйткені өз мамандығын осы жүйемен меңгерген түлектер бірден қызметке орналаса алады. Бүгінгі студент, ертеңгі жұмысшы маман. Сондықтан студенттерді өндірістік ұжымдағы қарым-қатынасқа ерте бейімдеп, әлеуметтік ортаға үйрету біздің басты мақсатымыз. Ақиқатында, жастарға дуалды оқыту жүйесі өзін еркін ұстап, өз мамандығының қыр-сырын ашуға мүмкіндік береді және ересек өмірге өтуге бейімдейді.

2015-2016 оқу жылында «Механикалық өндеу өлшеу – бақылау құралдары және өндірістегі автоматикасы» мамандығы бойынша «Ақберен» сервистік мекемесінде дуалды оқыту жүйесін жүзеге асыру мақсатында 25 студент тәжірибеден өтуде.

Педагогикалық кадрлар оқытудың инновациялық технологияларын оқу-өндірістік процесіне енгізіп отыр. Атап айтқанда, «дамыта оқыту технологиясы», «деңгейлік тапсырмалар арқылы саралап оқыту технологиясы», «ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары» еніп, өз нәтижесін беруде.

Кәсіптік-техникалық білім берудің болашағы зор. Сондықтан да, қазіргі



таңдағы басты міндет нарықтық экономика кезінде бәсекеге төтеп бере алатын сапалы мамандарды даярлау. Жыл сайын ұжым үшін жаңа белестер мен сындар күтіп отырады. Сол белестерден тоқтамай өтіп, шығармашылық табыстарға ие болған инженер-педагогтар саны аз емес.

Атап айтсақ, «Қазақстан Тәуелсіз ұрпағы» Жастар қоғамдық бірлестігі атынан Б.У. Ихсанов және Ю.Г. Пупыкин Алғыс хатпен марапатталды. «Пәндерді оқытудағы жаңашылдық іс-тәжірибе» тақырыбында қашықтықтан аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияға Ж.У. Беккалиева, Р.Е. Сапарғалиева, Г.Р. Медетованың баяндамалары жинаққа шықты. «Даналық оқу-білім» орталығынан республикалық «Оқытудағы интербелсенді әдістер» тақырыбында Ф.Е. Клешова, А.С. Дюсегалиев, Г.Т. Наурызбаева біліктілік арттыру курсынан өтті. «Заман талабы: білім берудегі инновациялар және тәжірибе» тақырыбында облыстық педагогикалық оқудан Р.Е. Сапарғалиева III орынмен марапатталды.

Халықаралық олимпиада «Мега-Талант» математика пәні бойынша Г.Х. Ельжанованың жетекшілігімен студент М.Жексенбаев сертификатқа ие болды. «Үш тұғырлы тіл білу – заман талабы» тақырыбында облыстық байқауда Р.Е. Сапарғалиева, Ж.А. Сейтмұханбетова жетекшілігімен ОДНИГ –13 топ студенті М. Жалмұхан II орынды иеленді. Ал, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Р.Е. Сапарғалиева жетекшілігімен «Егеменді еліміздің жастарымыз» атты қашықтықтан Республикалық шығармашылық байқаудан ОДНИГ-23 топ студенті Г. Орнабиден мен ОДНИГ-13 топ студенті Г. Қоянбаева сертификаттар алса, «Фариза Оңғарсынова оқулары» облыстық байқауынан ОДНИГ – 23 топ студенттері А. Қабдығалиева мен Г. Орнабиден Алғыс хатпен марапатта-

лып, облыстық «Мұқағали оқулары» байқауынан ОДНИГ-23 топ студенті А. Қабдығалиева Алғыс хатпен марапатталды. «Мұнай-газ ісі бойынша пән оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыру» атты облыстық семинарда Г.Т. Наурызбаева, Ф.Е. Клешова алғыс хаттарға ие болды. «Үздік арнайы пән оқытушысы-2016» облыстық байқауында арнаулы пән оқытушысы және технология бөлім меңгерушісі Г.Т. Наурызбаева, және «Үздік өндірістік оқыту шебері-2016» облыстық байқауында өндірістік оқыту шебері Қ.Б. Серікқалиева III дәрежелі дипломдармен марапатталды. «Шынайы жоба» арнаулы пәндерден ғылыми конференцияға С.Е. Сағымбаева жетекшілігімен ОДНИГ – 23 топ студенті Г. Саугабай қатысып, Алғыс хатқа ие болды. «Арес Petrotechnic жоғары техникалық мектеп» ЖШС-де инновациялық технологияларды енгізудегі іс-тәжірибесімен таныстыру» тақырыбындағы семинарға Қ.Б. Серікқалиева қатысып, сертификат алды.

Міне, жоғарыда айтылғандай бірігіп жасаған жұмыстың жемісі өзіміз үшін мәртебе және қуаныш.

**Бекболат ИХСАНОВ,
Атырау мұнай және газ
технологиялық колледжінің
директоры**

АННОТАЦИЯ ○

В статье директор Атырауского технологического колледжа нефти и газа Бекболат Ихсанов рассказывает о достижениях и проблемах колледжа. Учебное заведение, которое обеспечивает рабочими кадрами нефтяную отрасль области, оснащено современным технологическим оборудованием и имеет богатую материально-техническую базу.